



Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрлігі
« 6 » қаңтар 2025 жыл
№ 6
Астана қаласы

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі
« 5 » қаңтар 2025 жыл
№ 3
Астана қаласы

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі
« 6 » қаңтар 2025 жыл
№ 4
Астана қаласы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

**Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді
трансформациялау жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған
жол картасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1134 қаулысымен бекітілген Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу
жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді
трансформациялау жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған жол картасы (бұдан
әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасын орындауға жауапты Қазақстан Республикасының орталық
және жергілікті атқарушы органдары, мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жол картасын іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдасын;
2) Жол картасының орындалуы туралы ақпаратты әр тоқсан сайын
есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей Қазақстан
Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан
Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан
Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрі



С. Нұрбек

Қазақстан
Республикасының Еңбек
және халықты әлеуметтік
қорғау министрі



С. Жақыпова

Қазақстан
Республикасының
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы



Н. Жумадильдаева